

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 437 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 17 шілдедегі
№ 437 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

346) және 348) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"346) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін белгілейді;"

"348) су объектілері бетіндегі су сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу және оларға қол жеткізу жөніндегі іс шаралар әдістемесін әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітеді;"

17-тармақтың 326) тармақшасы алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

121) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"121) Мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің резервуарларын және жанармай құю станцияларын (жылжымалы үлгідегі жанармай құю станцияларынан басқа) есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандыру қағидалары мен талаптарын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 147) тармақшамен толықтырылсын:

"147) пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтырулар жобаларына экономикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;"

ведомстволардың функцияларында:

97-12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"97-12) Мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің резервуарларын және жанармай құю станцияларын (жылжымалы үлгідегі жанармай құю станцияларынан басқа) есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандыру қағидалары мен талаптарын әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 235-10) тармақшамен толықтырылсын:

"235-10) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтырулар жобаларына экономикалық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу;"

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;"

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

"29-1) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;"

5. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

17-тармақта:

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

"35-1) кадрлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу әдістемесін бекіту;"

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 17 шілдедегі
№ 437 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану қағидасын, сондай-ақ республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған айрықша экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де құндылықты білдіретін жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қарашадағы № 1212 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 1, 9-құжат).

2. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 9, 116-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға басым құқығын іске асыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 38 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 15, 180-құжат).

4. "Жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпаратты жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға сақтау, жүйелеу және жинақтау үшін ақысыз беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 89 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 17, 207-құжат).

5. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1111 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 68, 978-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 405 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 28, 434-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 706 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 40, 603-құжат).

8. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 шілдедегі № 721 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 41, 616-құжат).

9. "Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есептілік нысандары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1104 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 64, 588-құжат).

10. "Иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық компанияның сатып алуына Қазақстан Республикасының басым құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 333 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 27-28, 171-құжат).

11. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 588 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 40, 301-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 794 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 51-52, 409-құжат).

13. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 қаулысына өзгерістер

енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 202 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2016 ж., № 21-22, 121-құжат).

14. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 494 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., № 33, 244-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК